



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1279 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы**

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 22-бабының 2-тармағына және 23-бабының 1-тармағына сәйкес қаулы етемін:

**1 .                      М ы н а л а р :**

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне беріп;

2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:  
экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтау мен тергеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы күрес жөніндегі агенттігіне (қаржы п о л и ц и я с ы ) ;

қылмыстың жасалуына күдікті әрі айыпталушы адамдарды ұстау және жазасын тергеу изоляторларында өтеп жатқан сотталғандарға қатысты қылмыстық жазаларды орындау, сондай-ақ құжат ісін жүргізу және Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттарды беру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне беріп;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі оны Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

## 2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитетін құруды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетін таратсын;

3) Қазақстан Республикасының қайта ұйымдастырылатын және таратылатын мемлекеттік органдарының штат санын қайта бөлуді қамтамасыз етсін;

4) кеден органдарына жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру құқығын беру бөлігінде кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізісін;

5) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығының 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)".

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*